

“Алматы-2003 - Бақша қала - көріктендіру және көгалдандыру жөніндегі қарау - байқауды өткізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 26 мамырдағы N 2/318 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 26 маусымда N 542 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы қаласы аппарат әкімінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 7-916СК/05 хаты.

Алматы қаласының тұрғындарын, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарды, жеке кәсіпкерлерді "Көгалдандыру-2003" іс-қимыл жоспарын орындауды қамтамасыз етудегі көріктендіру жұмысына қатысуға тарту және Алматы қаласындағы гүлзарларды дамыту, шағын сәулет құрылыстарын жүргізу бағдарламасын жүзеге асырудағы көгалдандыру және көріктендіру мен тазалық жұмыстарының сапасын жақсарту мақсатында Алматы қаласының Әкімшілігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2003 жылы Алматы қаласының аудандарында, көшелерінде, тұрғын орамдарда, ең үздік үйлер мен ғимараттарды көріктендіру және көгалдандыруды анықтау жөніндегі қарау-байқау жұмыстары жүргізілсін.

2. Көріктендіру департаменті (Б.М.Ташбаев) Алматы қаласын көгалдандыруға жұмылдырылған кәсіпорындар мен қызметтердің, мердігерлік ұйымдардың осы жұмысқа белсенді қатысуын қамтамасыз етсін.

3. "Алматыжарнама" қазыналық мемлекеттік кәсіпорны (М.Т.Ерман) байқау жеңімпаздарына арналған ынталандыру тұрғысында алғыс хаттар, дипломдар мен куәліктер әзірлеуді қамтамасыз етсін.

4. "Алматы ақшамы" (Е.С. Сағат) және "Вечерний Алматы" (Э.Р. Пашина) газет редакторлары, "Оңтүстік астана" телекомпаниясы (И.Я. Дворкин) бұқаралық ақпарат құралдарында байқаудың барысы туралы материалдарды жариялауды ұйымдастырсын.

5. Аудан әкімдері мыналарды қамтамасыз етсін:

1) аудандық байқауларды өткізсін және аудан тұрғындарын қалалық қарау-байқау шараларына белсенді қатыстыруды;

2) аудандық байқау жеңімпаздарын марапаттауды.

6. Қарау - байқауды өткізудің шарттары бекітілсін (N 1 қосымша).

7. Қарау - байқау өткізудің алқа құрамын бекітсін (N 2 қосымша) және қарау-байқауды ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін (N 3 қосымша).

8. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 1/56 "Алматы-2003-Бақша қала" көріктендіру және көгалдандыру жөніндегі қарау - байқауды өткізу туралы" қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң
Ә к і м і В . Х р а п у н о в

Әкімшілік хатшысы К.Тәжиева
Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 ж . " 2 6 " мамырдағы
N 2 / 3 1 8 қаулысына
N 1 қосымша

"Алматы-2003-Бақша қала"
қарау - байқауды өткізу
Шарты

1. Жалпы ережелер

1.1. "Алматы-2003-Бақша қала" көріктендіру жөніндегі қарау - байқау Қазақстан Республикасы оңтүстік астанасының сыртқы келбетін әдемілеу мақсатында өткізіледі, осы жұмыстар "Алматы қаласының аумағын көріктендіру, тазалықта ұстау және қоқыстарды жинауды ұйымдастыру ережесіне", "Алматы қаласының аумағында құрылыс жүргізу ережесіне", "Алматы қаласында жарнамалық-ақпараттық өнімдерді орналастыру ережесіне", "Алматы қаласының жасыл желек қорын қорғау, сақтау және ұстау ережесіне" сай ұстанады, осы мәселелер бойынша Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулыларын орындау мақсатында көшелердің, тұрғын орамдардың, үйлер мен ғимараттардың, жалпы пайдаланылатын қоғамдық орындардың ұстануын жақсарту, оларды көгалдандыруды орындау, заманғы талапқа сай сыртқы жарықтандыруды енгізу, қаланың сыртқы келбетіне сай барлық жарнамалардың әдемілігімен е р е к ш е л е н е д і .

1.2. Қарау - байқау ашық, көпшілікке жария ретінде өткізіледі, оған Қазақстанның басқа аймақтарынан және басқа мемлекеттерден қатысушылар тартылады, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, жүлдегерлер

2. Қарау - байқауды ұйымдастыру

2.1. Қарау - байқау 2003 жыл аралығында өткізіледі, ол жалпықалалық шараларды өкілдейді.

2.2. Қарау - байқау үш кезеңнен тұрады:
I кезең 1 маусымнан 1 тамызға дейін;
II кезең 1 тамыздан 1 қарашаға дейін;
III кезең 1 қарашадан 31 желтоқсанға дейін.

2.3. Қарау - байқауға мыналар кіреді: көріктендіру және көгалдандыру ғимараттары арасындағы байқау; "Шеберлер қаласы", "Алматы-әсем қала" кәсіпкер құрылысшылар мен бейнелеушілер арасындағы байқау; "Алматы Гүл қала" гүлдер фестивалі. "Алматы-Бақша қала" балалар творчествосының байқауы, Гүлдер мен өсімдіктер көрмесі.

2.5. Көріктендіру және көгалдандыру ғимараттары арасындағы қарау - байқау мыналарды қарастырады:

- 1) жасыл желекке оранған аулалар;
- 2) аула маңы, саяжай бақтары мен гүлзарлар;
- 3) қысқы бақтар мен оларды ірілендіру;
- 4) үйдің ауласын, кіре беріс ауланы, дәліздерді, балкондарды, терезелерді, шатырларды безендіру жөніндегі ең әдемі шешімдер;
- 5) ең қиын сәулет жұмыстарының орындалуы: қабырғаларды, баспалдақтарды әрлеу, қабырғаларды пластикалармен жабу және безендіру;
- 6) жасыл желекке бөленген ғимараттардың маңындағы бұрқақтарды безендіру;
- 7) гүлзарлардың әдемі жасыл желекке және гүлмен көмкерілуі;
- 8) шағын сәулеттік безендіру жұмыстары;
- 9) өсімдік сипаттағы демалыс орындары мен бау-бақшаларды безендіру;
- 10) бау-бақшалар мен демалыс орындарындағы басқа да үздік атқарылған жұмыстар.

2.6. Қарау - байқау мына бағыттарда өткізіледі:

- 1) Алматы қаласының ең әдемі ауданы, шағын ауданы, орамы;
- 2) Алматы қаласының ең әдемі көшесі, гүлзары, бақшасы;
- 3) ең әдемі үйлер мен ғимараттардың безендірілуі;
- 4) ең әдемі аумақтың безендірілуі;
- 5) ауланы және аумақты көріктендіру және безендірудегі ең үздік шешімдер;

6) Алматы қаласы тұрғындары арасындағы ең үздік безендірушілері мен сәндеушілері;

2.7. Қарау - байқауға қатысушылар өтінімдерін ұйымдастыру комитетіне әрбір кезең алдындағы 15 күн бұрын береді.

2.8. Қарау байқау тегін өткізіледі, бірақ барлық жеке шығындарды қатысушылар өздері көтереді.

3. Қарау -байқауды өткізу және оның қорытындысын шығару

3.1. Қарау - байқау қортындылағанда мыналар ескеріледі:

- 1) аумақты уақтылы тазалау;
- 2) жаңа жасыл желектерді отырғызу, атап айтқанда гүлдер мен жабайы өсімдіктер;
- 3) қоқысты уақтылы шығару;
- 4) ғимаратты сапалы жөндеу және ауланы күтіп-баптау;
- 5) ауланың жарықтануы және оның атқарылған жұмыстары;
- 6) жасыл желектерді уақтылы суғару, атап айтқанда гүлдер мен жабайы өсімдіктер, бұрқақтардың жұмысы;
- 7) маңдайша жазулары мен жарнама қалқандардың сыртқы келбеті.

3.2. Қарау - байқаудың қорытындысын қазылар алқасы оның атына жіберілген кино-бейне материалдарын бағалау мен жұмыс бабымен аралау арқылы шығарады.

3.3. Қарау - байқауды алғашқы кезеңдерінің қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында және ресми сайтте gorodsad. academy kz жарияланады.

3.4. Байқау жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар Алматы қаласы Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен және қатысушылар куәліктерімен аталып өтіледі.

4. "Алматы-гүл қала" гүл фестивалін өткізу

4.1. Гүл фестивалі 2003 жылдың тамыз айында қалалық қарау - байқау шеңберінде өткізіледі.

4.2. Гүл фестиваліне мына бағыттағы дипломдар мен куәліктер беріледі:

- 1) "Ең үздік әрлеу және әдемілеу"
- 2) "Ең үздік кәсіби орындаушылық"
- 3) "Ең үздік әуесқой орындаушылық"

- 4) "Ең үздік кәсіби гүл шоқтары"
 - 5) "Ең үздік әуесқой гүл шоқтары"
 - 6) "Ең үздік кәсіпқой гүлдер мен өсімдіктерді топтау шешімдері"
 - 7) "Ең үздік әуесқой гүлдер мен өсімдіктерді топтау шешімдері"
 - 8) "Гүлдерді өз бетінше топтаудағы үздік шешімдер"
- Қазылар алқасы басқа да шешімдерді ескеруі мүмкін.

4.3. Бұған қоса Гүл фестиваліне белсене қатысқандар аталып өтіледі:

- 1) Алматы қаласының белсенді кәсіпкерлері;
- 2) Алматы қаласының белсенді ардагерлері;
- 3) өсімдіктер мен әдемілеудің белсенді қатысушылары;
- 4) қаланың ең белсенді жас тұрғыны;
- 5) Алматы қаласы қонақтарының белсенді қатысушылары.

4.4. Фестивалға және қарау - байқауға Алматы қаласының тұрғындары, Қазақстанның басқа аймақтарының тұрғындары және басқа мемлекеттерден келген қонақтар қатыса алады.

4.5. Фестивалға қатысу өтінімі 2003 жылдың 15 мамырына дейін беріледі. Қатысушыларға орын беріліп, оларға жайлы жұмыс жағдайы қарастырылады.

4.6. Фестиваль тегін өткізіледі, бірақ барлық жеке шығындарды қатысушылар ө з д е р і к ө т е р е д і .

5. "Алматы - әдемі ғимарат қаласы" байқауы

5.1. "Алматы - әдемі ғимарат қаласы" байқауы 3 кезеңде ғимараттар иелері а р а с ы н д а ө т к і з і л е д і .

I кезең (1 маусым - 1 тамыз)

II кезең (1 тамыз - 1 қараша)

III кезең (1 қараша - 31 желтоқсан) Жаңа жылдық қортындылау

5.2. Байқауға қатысу ғимараты мыналар:

- 1) жеке тұрған әкімшілік және тұрғын үй ғимараты, қонақ үй, кинотеатрлар, банкілер, мейрамханалар және басқалар.
- 2) қосымша жайлы құрылыстың ауласының әрленуі
- 3) Алматы қаласы тұрғындарының көпшілік демалатын орындары саябақтар, аква және дендросаябақтар, әртүрлі қызықты ойын алаңдары.

5.3. Жеңімпаздар былай анықталады:

- 1) жақын ауланың сыртқы жарықтануының жағдайы;
- 2) ғимарат ауласының сәулет-көркемдік әдеміленуі;
- 3) заманғы жарық беру технологиясы мен материалдарын қолданып жарнамамен безендіру сапасы;

4) аула мен жақын ауланың аумағын мерекелік безендіру.

5.4. Қарау - байқаудың қорытындысын қазылар алқасы оның атына жіберілген кино-бейне материалдарын бағалау мен жұмыс бабымен аралау арқылы келесі кезең қорытындысына дейінгі 15 күн бұрын шығарады.

5.5. I-III кезеңге қатысушы жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар Алматы қаласы Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен аталып өтіледі. Ақшалай жүлделі орындар беру I кезеңде қаланы Жаңа жылдық безендірумен қорытындыланады. Ең басымдылық барлық кезеңдердің жеңімпаздарына беріледі.

6. "Шеберлер қаласы" қарау-байқауы

6.1. "Шеберлер қаласы" қарау - байқауы мүсіншілер мен әрлеушілер және басқалар арасында 2003 жылдың тамыз-қыркүйегінде өткізіледі.

6.2. Байқауға қатысушылар аталған тақырыптар бойынша байқаулық жұмыстарын (өздері әзірлеген материалдардан) даярлайды.

6.3. Қатысу өтінімдері 2003 жылдың шілдесіне дейін жеке тұлғалардан және ұйымдардан қабылданады.

6.4. Байқау тегін өтеді, бірақ барлық жеке шығындарды қатысушылар өздері көтереді.

6.5. Байқау жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар Алматы қаласы Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен және қатысушылар куәліктерімен аталып өтіледі.

7. "Алматы-бақша қала" балалар творчествосының байқауы

7.1. "Алматы-бақша қала" балалар творчествосының байқауы 18 жасқа дейінгі жас суретші, әрлеуші, мүсінші және басқалар арасында 2003 жылдың маусым-қазан айларында.

7.2. Байқауға қатысушылар (өздері әзірлеген материалдан) берілген тапсырма бойынша байқау жұмыстарын әзірлейді.

7.3. Қатысу өтінімі жеке тұлғалардан, сондай-ақ ұйымдардан әрбір кезең аяқталғанға дейін 15 күн бұрын қабылданады.

7.4. Байқауға қатысу тегін, бірақ барлық шығырған жеке шығынды қатысушылар өздері өтейді.

7.5. Байқау жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар Алматы қаласы

Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен және қатысушылар куәліктерімен аталып өтіледі.

8. Гүлдер мен өсімдіктердің тақырыптық көрмесі

8.1. Гүлдер мен өсімдіктердің тақырыптық көрмесі 2003 жылдың маусымынан қазанына дейін қалалық байқау шеңберінде өткізіледі.

8.2. Көрме бірнеше тақырыпты қамтып мына мерекелік мейрамдарға дәстүр бойынша арналады:

- 1) Наурыз мерекесі
- 2) Жеңіс күні
- 3) Қоршаған ортаны қорғау күні
- 4) Қала күні.

8.3. Көрме диплом, куәлік, жолдама беру марапатымен бірнеше бағытта өткізіледі.

8.4. Қатысу өтінімі жеке тұлғалардан, сондай-ақ ұйымдардан әрбір кезең аяқталғанға дейін 15 күн бұрын қабылданады.

8.5. Байқауға қатысу тегін, бірақ барлық шығырған жеке шығынды қатысушылар өздері өтейді.

8.6. Байқау жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар Алматы қаласы Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен және қатысушылар куәліктерімен аталып өтіледі.

9. Баспасөз

9.1. Бұқаралық ақпарат құралдарының осы шараларды өткізу барысына қатысып оны жариалағаны үшін Алматы қаласы Әкімінің алғыс хатымен, иегер дипломдарымен және қатысушылар куәліктерімен мына дәрежеде аталып өтіледі:

- 1) "Алматы-2003 -Гүл қала" Гүл фестивалін өткізудегі ең үздік жариялау;
- 2) жеке кезеңдердің барысы жайлы ең үздік репортаж;
- 3) конкурста қатысушылар туралы ең үздік репортаж және байқау-конкурсы қазылар алқасының басқа ұйғарымы бойынша басқалар.

9.2. Қарау- байқауы шеңберінде қазылар алқасының шешімі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен Алматы қаласын көріктендіруге көгалдандыруға арналған музыкалық фестивалі өткізілуі мүмкін.

10. Қорытынды

10.1. Қарау-байқаудың және оның кезеңдерінің қорытындысын шығарғанда, ірі қалалар тәжірибесі, заманғы Алматы қаласының көркі мен оның дамуындағы болашағы ескеріледі.

10.2. Қарау- байқауға ұсынылған ең үздік жұмыстар, үлгілер мен кесінділерді қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитеті интернетте, көгілдір экранда және баспасөзде автордың келісімінсіз таратуға құқылы.

10.3. Қарау-байқаудың басты мақсаты - Қазақстан Республикасының оңтүстік астанасы Алматы қаласының сыртқы келбетін нұrlандырып, бұрынғы гүл-қала даңқын одан сайын арттыра түсу.

Әкімшілік хатшысы

К.Тәжиева